

**"Әлеуметтік көмек көрсету туралы" 2009 жылғы 29 қаңтардағы № 129 шешіміне өзгеріс және толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 2010 жылғы 16 сәуірдегі № 257 шешімі. Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 6 мамырда № 3-1-134 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 2013 жылғы 20 желтоқсандағы № 205 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 20.12.2013 № 205 шешімімен.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6, 7 баптарына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95 Бюджеттік кодексінің 56 бабының 1 тармағы 4 тармақшасына және «Он алты жасқа дейінгі мүгедек балалары бар отбасыларға және I, II, III мүгедектерге қосымша көмек беру туралы» Ақтөбе облыстық әкімдігінің 2007 жылғы 10 мамырдағы № 156 қаулысына сәйкес Ақтөбе қалалық мәслихаты

**Ш Е Ш І М**

**Е Т Т І :**

1. «Әлеуметтік көмек көрсету туралы» 2009 жылғы 29 қаңтардағы № 129 (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылғы 23 ақпанда № 3-1-103 санымен тіркелген, 2009 жылғы 3 наурызда № 28 «Ақтөбе» және «Актюбинский вестник» газеттерінде жарияланған) «Әлеуметтік көмек көрсету туралы» 2009 жылғы 29 қаңтардағы № 129 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 22 шілдедегі № 177 (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылғы 7 тамызда № 3-1-118 санымен тіркелген, 2009 жылғы 11 тамыздағы № 96, № 95 «Ақтөбе» және «Актюбинский вестник» газеттерінде жарияланған) шешімімен енгізілген өзгерістер ескеріліп, шешімге келесі өзгеріс және толықтырулар енгізілсін:

1 - 1 тармағындағы :

«3000 теңге мөлшерінде» сөзінен кейін «он алты жасқа дейінгі мүгедек балалары бар отбасыларына» сөздерімен толықтырылсын;

2 тармақтағы :

«еңбек өтілі толық емес зейнетақы» сөздері «аз зейнетақыдан төмен» сөздерімен ауыстырылсын;

«1, 2, 3 топ мүгедектері» сөзінен кейін «және он алты жасқа дейінгі мүгедек балалар» сөздерімен толықтырылсын;

2. Осы шешім ресми жарияланған алғашқы күннен соң он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Ақтөбе қалалық мәслихатының*  
*сессия төрағасы*  
*В. Друзьяк*

*Ақтөбе қалалық*  
*мәслихатының хатшысы*  
*С. Шынтасова*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК